«8D02207 – Музей ісі және ескерткіштерді қорғау» білім беру бағдарламасының докторанты Әшімова Салтанат Әлиякпарқызының «Материалдық емес мәдени мұраны сақтау және музейлендіру (отандық және шетелдік тәжірибелерді салыстырмалы сараптау)» атты философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясының аңдатпасы

Диссертациялық жұмыста ЮНЕСКО Халықаралық ұйымының мұраларды қорғау ісіне қатысты Қазақстанның қызметі, орны, материалдық емес мәдени мұра (ММЕМ) ұғымының қалыптасуы, алғышарттары, МЕММ-ді қорғаудағы халықаралық және отандық ұйымдар қызметі, сақтау, қорғау, музейлендіру тәжірибелері салыстырмалы талданады.

Диссертациялық зерттеу жұмысы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Тарих факультетінің Археология, этнология және музеология кафедрасында және ЮНЕСКО қамқорлығындағы Мәдениеттерді жақындастыру орталығында орындалды.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мәдени және табиғи мұраны қорғау жөніндегі конвенциясымен қатар, МЕММ-ді қорғау конвенциясы – қатысушы мемлекеттердің жоғары белсенділігін қалыптастырған, халықаралық ынтымақтастықтағы аса маңызды құжат. Қазақстаннан ЮНЕСКО Дүниежүзілік мәдени және табиғи мұра тізіміне – 6, материалдық емес мәдени мұра тізіміне – 14, биосфералық резерваттар желісіне – 15, «Әлем жады» деректі мұра тізіліміне – 4 ескерткішінің, атаулы мерейтойлар күнтізбесіне 27 ұсынысының енгізілуі мемлекетіміздің әлем елдері арасындағы саяси-мәдени ықпалдастығының зор екенін айғақтайды. Қазақстан 2013-2017 және 2023-2027 жылдарға ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұра Үкіметаралық комитетінің, 2018-2022 жылдарға МЕММ Үкіметаралық комитетінің мүшелік мандатын алуы Қазақстанның ЮНЕСКО- ға қатысушы мемлекеттер арасындағы атқаратын рөлі мен беделін айқындай түседі. Жалпы МЕММ-ді қорғау бастамасының көтерілуіне әр халықтың ғасырлар бойына қалыптасқан мәдени мұрасының қазіргі жаһандану, технологиялар заманында өзгеріске түсуі және жойылып кету қаупінің күшеюі басты себеп болды. МЕММ-ді сақтау, қорғау, музейлендіру, насихаттау ісінде мемлекетаралық ынтымақтастықты арттыра отырып, құқықтық реттеуді қамтамасыз ету аса маңызды. ЮНЕСКО-ның басты мақсаты – мәдени мұраның жаһандану немесе саяси қақтығыстар әсерінен жойылып кетпеуін қамтамасыз ету, мұраны қастерлеу, қорғау және сақтау арқылы болашақ ұрпаққа жеткізу. БҰҰ БА, ЮНЕСКО БА-ның конференциялары мен сессияларында мәдени құндылықтарды сақтау саласын нормативтік реттеу, мәдени ықпалдастық арқылы бейбіт қарым-қатынас қалыптастыру ісіне қатысу – Қазақстанның мәдени-саяси аренадағы басты қызметі. Қазақстанның ИКОМОС, МИЦАИ, ИЧКАП Халықаралық ұйымдарының тең мүшесі ретінде де әлемдік аренадағы белсенділігі жыл сайын арта түсуде. 2003 жылы 17 қазанда қабылдаған МЕММ-ді қорғау

туралы конвенцияны Қазақстан Республикасы 2011 жылғы 21 желтоқсандағы №514-IV Заңына сәйкес ратификациялады. Қазақстанның Конвенцияға мүше болған 14 жылында ЮНЕСКО-ның МЕММ тізіміне 14 мұрасын енгізуінің өзі Қазақстан тәжірибесін салыстырмалы зерттеудің өзектілігін негіздейді.

Диссертацияның ғылыми жаңалығы. Қазақстанның ЮНЕСКО МЕММ-ді қорғау туралы конвенциясын халықаралық нормативтік-құқықтық актілерді негізге ала отырып, шетелдік тәжірибелермен салыстырмалы зерттеу арқылы отандық музей ісіндегі МЕММ жұмысын жүргізудің, оны зерттеудің ғылыми-әдістемелік негізін әзірлеуі; «Музейлік МЕММ» қолданбалы-ғылыми бағытына негіз қалауы; ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұраларға байланысты конвенциялары және МЕММ-ді қорғау туралы конвенциясы негізінде салыстырмалы сараптауға арналған зерттеу еңбегі ретінде «Музейлік МЕММ» бағытындағы тұңғыш диссертациялық жұмыс болуы; жұмыстың музейтану және ескерткіштанудың қолданбалы-ғылыми бағытын тең қамтуы.

Диссертациялық жұмыстың басқа ғылыми жұмыстармен байланысын ЮНЕСКО конвенцияларын ратификациялау, ЮНЕСКО қорғауға алған мұраларды қорғауға байланысты ғылыми айналымға енген теориялық, методологиялық жарияланымдар құрайды.

Зерттеу жұмысының нысаны. ЮНЕСКО Дүниежүзілік мұраны қорғау конвенцияларын МЕММ-ді қорғау конвенциясына алғышарт ретінде ала отырып, МЕММ-ді құжаттау, сақтау, қорғау, танымал ету, оның рөлін арттыру, ілгерілету, оның өміршеңдігін қамтамасыз ету мақсатында шаралар қабылдау, қолдау, көмек көрсету, музейлік, туристік мекемелердің қатысуы арқылы әртүрлі аспектілерін қайта жаңғыртуды зерттеу.

Зерттеу жұмысының мәні. МЕММ-ді қорғау, сақтау, насихаттау және музейлендіруді отандық және халықаралық тәжірибелер негізінде салыстырмалы сараптау, ЮНЕСКО мен Қазақстан арасындағы МЕММ-ді сақтауға бағытталған ынтымақтастықтың өзара ықпалын талдау.

Диссертацияның мақсаты. ЮНЕСКО МЕММ конвенциясының қалыптасуының тарихи алғышарттарын талдау, ЮНЕСКО-ның мәдени мұраны қорғау қызметіндегі Қазақстанның орнын айғақтау, Қазақстан мен шет елдердің ЮНЕСКО аясында МЕММ-ді қорғау, сақтау қызметіндегі өзара ықпалдастығын, тәжірибелерін сараптау.

Зерттеу жұмысының міндеттері. Алға қойған мақсатқа жету жолдарын жүзеге асыру үшін келесідей міндеттер жүктеледі: 1) ЮНЕСКО МЕММ конвенциясының қалыптасуының алғышарты ретінде Дүниежүзілік мәдени мұра және Табиғи мұраны қорғау конвенциялары мен ескерткіштерді қорғауға бағытталған әлемдік бағдарлы құжаттарын талдау, Қазақстанның ЮНЕСКО Халықаралық ұйымындағы тарихи орнын айғақтау; 2) Қазақстанның және әлем елдерінің ЮНЕСКО МЕММ конвенциясын ратификациялауы, МЕММ Үкіметаралық комитетіне мүшелік етуі қызметінің маңызын талдау; 3) МЕММ-ді дамытуды халықаралық-құқықтық актілер арқылы қамтамасыз етудің негіздерін, МЕММ-ді қорғаудың халықаралық ісіне әлем елдерінің

қатысуын, Конвенцияға қатысушы елдердің құқықтық-құжаттық реттеу қағидаларын саралау; 4) ЮНЕСКО-ның МЕММ-ді қорғау, сақтау ісі арқылы мемлекетаралық ықпалдастықты және тұрақты дамуды қамтамасыз ету бағыттарын талдау; 5) МЕММ типтерін, санаттарын есепке алу, тіркеу, құжаттау, Ұлттық тізімді қалыптастыру, халықаралық қорғауға ұсыну жолдарын талдау; 6) МЕММ-ді музей қызметі жүйесінде және қауымдастық ортасында сақтау, халыққа ұсынуды талдау; 7) МЕММ арқылы туристерді тұрақтандыру, туристік дестинациядағы рөлі мен орнын айғақтау.

Тақырыптың хронологиялық шеңбері. Зерттеу жұмысы ЮНЕСКО-ның 1972 жылы Бүкіләлемдік мәдени және табиғи мұраны қорғау туралы конвенциясын қабылдаған уақыттан бастап, 2025 жыл аралығын қамтиды. Осы хронологиялық шеңбер аясында 2003 жылғы 17 қазанда «Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы конвенцияның» қабылданған уақытын, оған Қазақстанның қатысу жылдарын қоса қамтиды.

Диссертацияның географиялық ауқымы. Зерттеудің отандық тәжірибені талдау нысаны Қазақстан Республикасын толық қамтиды. Шетелдік тәжірибені салыстырмалы талдау нысаны ЮНЕСКО МЕММ конвенциясы бойынша елдерді бес аймаққа бөліп қарастыру талабына сай Африка, Біріккен Араб Әмірліктері, Азия және Тынық мұхит, Еуропа және Оңтүстік Америка, Латын Америкасы мен Кариб аралдары және Қазақстанмен «мемлекетаралық ортақ мұра» қалыптастырған мемлекеттерді қамтиды.

Диссертацияның деректік негізін келесідей топтастырамыз:

– БҰҰ, ЮНЕСКО Дүниежүзілік мұраны қорғау ісінде басшылыққа алатын құқықтық құжаттар, нормативтік материалдар: конвенциялар, қарарлар, Дүниежүзілік мұра тізіміне мұраларды алу, енгізу, қабылдау шарттары; қатысушы елдердің мәдениет және табиғат ескерткіштерін қорғау, пайдалану жөніндегі заңдары, халықаралық және ұлттық маңызы бар мәдениет және табиғат ескерткіштерінің тізімдері; қатысушы елдердің конвенцияларды ратификациялау құжаттары, қатысушы елдердің МЕММ қорғау заңдары, тұжырымдамалары; МЕММ қорғау, сақтау ісін жүзеге асыру тәжірибелері, тізімдеу, құжаттау, ұсыну, танытуға қатысты ғылыми зерттеуге, танымдық талдауға негізделген ғылыми кітаптар, каталогтар, мақалалар; қатысушы елдердің өздерінің МЕММ қорғаудағы озық тәжірибелерін танытатын, ғылыми айналымға енген танымдық және ғылыми кітаптар, мақалалар, арнайы басылымдар, интерактивті материалдар, аудио-, бейнематериалдар, музеографиялық басылымдар; автордың тәжірибелік (далалық) зерттеуі негізінде жинақталған материалдары: қатысушы елдердің МЕММ насихаттауға бағытталған мамандандырылған музей, этноауыл, арнайы музейлері, музей залдары; МЕММ тасымалдаушысы болып табылатын жеке тұлғалардың дерекқоры.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар: 1) ЮНЕСКО-ның 1972 жылы қабылданған Дүниежүзілік мәдени мұра мен табиғи мұраны қорғау конвенциясы мен ескерткіштерді қорғауға бағытталған әлемдік бағдарлы

құжаттары МЕММ конвенциясының қалыптасуына тарихи алғышарт болды. Қазақстанның ЮНЕСКО Конвенцияларын ратификациялап, Мәдени мұра, Биосфералық резерват, Әлем жады, МЕММ Халықаралық тізіміне ұлттық мұраларды енгізуі, сондай-ақ Үкіметаралық комитет жұмысына қатысуы Қазақстанның Халықаралық аренадағы тарихи орны зор екенін айғақтайды;

2) Әлем елдерінің ЮНЕСКО МЕММ конвенциясын ратификациялауының, әлем елдерінің аталған Конвенцияға қосылуының статистикалық базасын жасау, әлем елдерінің МЕММ-ді халықаралық бағыт ретінде қабылдауын талдау, МЕММ Үкіметаралық комитетіне мүшелік етуі Конвенцияға қатысушы елдердің ЮНЕСКО-дағы қызметін және мәдени халықаралық ықпалдастықты айғақтайды;

3) Конвенцияға қатысушы мемлекеттердің МЕММ дамыту ісін нормативтік-құқықтық құжаттар арқылы реттеуі. Жалпы ЮНЕСКО қалыптастырған халықаралық-құқықтық актілер мәдениеттің тұрақты дамуына негіз болады. Қазіргі таңда Конвенцияға қатысушы 157 мемлекеттен 849 МЕММ-нің ЮНЕСКО тізіміне енуі әлем елдерінің Конвенцияны қарқынды ратификациялауы мен оны қорғау, сақтау ісіндегі белсенділігінің айғағы;

4) ЮНЕСКО МЕММ қорғау, сақтау ісі арқылы мемлекетаралық ықпалдастық, мәдениетаралық диалог, тұрақты даму мен бейбітшілікті сақтауды қамтамасыз етеді;

5) МЕММ-ге «тірі ескерткіш» ретінде қарап, ұғымның негізгі компоненттерінің типі, санаты, бағыттары қарастырылып, есепке алу, тіркеу, құжаттау, Ұлттық тізімді қалыптастыру, Халықаралық қорғауға ұсыну жолдарын талдау мәдени мұраның қоғам үшін маңыздылығын айғақтайды;

6) МЕММ-ді модельдеу функциясының музей қызметі жүйесіне енуі, музей арқылы сақтау, «ескерткіш» ретінде ұсынуды талдау, МЕММ-ді шетелдік және отандық қауымдастықтар арасында «тірі мұра» ретінде сақтау, қорғау, оны халыққа ұсыну жолдарының әдіснамалық моделі, мұраның шығармашылық ортада, ғылыми-танымдық ортада мәдени алуантүрлілігін сақтауды қамтамасыз ету, музей қызметінің көпкешенділігін танытады;

7) МЕММ-нің туристік дестинациядағы рөлі мен орнын айғақтау ішкі және сыртқы туристерді тұрақтандыруды, этнотуризмді бәсекеге қабілетті етуді қамтамасыз етеді.

Әдістер. Зерттеуде тақырыпқа қатысты шетелдік және отандық зерттеушілердің, сарапшылардың тұжырымдары мен ұстанымдары басшылыққа алынды. МЕММ-ді салыстырмалы зерттеуде «ескерткіштану», «мәдени мұра», «табиғи мұра», «тарихи-мәдени туризм», «этнотуризм», «музейлік этнография» әдістеріне және пәнаралық зерттеуге сүйендік.

Диссертацияның құрылымы. Диссертациялық жұмыс нормативтік сілтемелер, белгілеулер мен қысқартулар, анықтамалар, кіріспе, үш негізгі тарау, қорытынды, пайдаланған әдебиеттер тізімі, қосымшалар бөлімінен тұрады. Диссертацияның бірінші тарауында Мәдени мұраны қорғаудағы ЮНЕСКО қызметі МЕММ конвенциясының қалыптасуы, мәдени

құндылықтарды қорғаудың халықаралық-құқықтық актілерінің қалыптасуы, МЕММ Конвенциясының алғышарттары, ЮНЕСКО-ның мұралар тізімі желісіндегі Қазақстанның орны, ЮНЕСКО МЕММ Конвенциясының қалыптасуы, тарихи маңызы, құрылымы, МЕММ Конвенциясын ратификациялаған елдердің Үкіметаралық комитетке мүшелік ету бағдарларына сараптау жасалған. Екінші тарауда МЕММ-ді халықаралық және ұлттық қорғау жүйесі сарапталады. МЕММ-ді дамытудағы Халықаралық ұйымдар ықпалдастығы және құжаттық қамтамасыз ету, ЮНЕСКО-ның МЕММ қорғау ісіндегі Шұғыл қорғауды қажет ететін МЕММ тізімі, Адамзаттың МЕММ-інің репрезентативтік тізімі, МЕММ-ді қорғаудағы үздік тәжірибелер тізілімі бойынша нақты салыстырмалы сараптау беріледі. МЕММ элементтерін халықаралық тізімге енгізудің артықшылығы – оны жаһандық деңгейде мойындату. МЕММ-нің халықаралық қолдауға ие болуы ұлттық бірегейлікті нығайтуға ықпал етеді. ЮНЕСКО тарапынан МЕММ қорғауға алынуы 2008 жылдан бастап жүзеге асты. 2008 жылы ЮНЕСКО МЕММ Конвенциясын мойындаған мемлекеттерден 90 мұра репрезентативті тізім бойынша қабылданды. Ал, ЮНЕСКО МЕММ-нің қорғауға алынуын үш құрамдас тізімге бөліп қабылдауды және бекітуді 2009 жылдан бастайды. 2008 ж.– 90, 2009 ж. – 82, 2010 ж.– 47, 2011 ж. – 31, 2012 ж.– 31, 2013 ж.– 30, 2014 ж.– 36, 2015 ж.– 27, 2016 ж.– 39, 2017 ж.– 42, 2018 ж.– 38, 2019 ж.– 40, 2020 ж.– 32, 2021 ж.– 47, 2022 ж.– 47, 2023 ж.– 55, 2024 ж.– 66, 2025 ж.– 69, барлығы 157 мемлекетінен 849 мұра бекітілді. Соның ішінде шұғыл қорғауды қажет ететін тізімде – 90, репрезентативті тізімде – 716 элемент, МЕММ-ді қорғаудағы үздік тәжірибелер тізілімінде – 43 элемент бар. Қазақстан тарапынан 14 мұра «Адамзаттың МЕММ-ның репрезентативті тізіміне» енгізілген, соның ішінде ұлтаралық (мемлекетаралық, басқа мемлекеттермен ортақ) – 8, ұлттық (жеке) – 6. Қазақстан қазіргі таңда МЕММ-ін ЮНЕСКО-ға енгізу белсенділігінен алдыңғы 25 ел қатарында. Әлем елдерінің ұлттық құндылығы болып саналатын мұраларын қорғауға деген ұмтылысы нәтижесінде ЮНЕСКО тізімдеріне, желісіне ұсыну, халықаралық базаға енгізу арқылы мұраларын әлемдік деңгейге көтерудің маңызы талданады. МЕММ сақтау, қорғау, дамыту ісінде ИКОМОС, ИСЕСКО Халықаралық ұйымдары мен МЕММ Ұлттық комиссия арасындағы ықпалдастық қызметтерінің маңызы ерекше. ЮНЕСКО МЕММ-ді қорғау туралы Конвенцияның халықаралық механизмдерінің қатысушы елдер арасында таралуы мен дамуын зерттеуде Орталық Азияны зерттеу Халықаралық институтының (МИЦАИ) атқаратын ролі зор. МЕММ-ді дамытудағы музей мен туристік дестинация қызметін саралауға бағытталған үшінші бөлімде ҚР МЕММ Ұлттық тізімінің қалыптасуындағы Ұлттық музей мен Ұлттық Комитет ықпалдастығы, МЕММ-ді музейлендірудің қоғамдық маңызы, музейде көрсету шешімдері, туристік-рекреациондық қызметте қолданылуы, музей арқылы насихаттау және дамыту мәселелері, музейде экспозициялаудағы отандық және шетелдік тәжірибелер нақты зерттеледі. МЕММ музейлендірудегі ақпараттық технологияларды қолдану әдістері сарапталады.